# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №17 (1930) 13 МАМЫР 2024 ЖЫЛ




# Сот жүйесін жаңғырту ісі талқыланды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Сот төрелігін жүзеге асырудың конституциялық қағидаттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында онлайн және офлайн өткен шараға Беларусь Республикасы Жоғарғы соты төрағасының бірінші орынбасары Валерий Калинкович, Қырғыз Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Эмиль Осконбаев, ҚР Конституциялық соты төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов, ҚР Жоғарғы сотының Халықаралық кеңесінің мүшесі Марк Биир, Әзірбайжан Республикасы Конституциялық сотының судьясы Камран Шафиев, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсерік Шәріпов, Қазақстан Республикасы бас прокурорының орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев, Алматы қаласы әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, отандық және шетелдік заң саласының ардагерлері, белгілі судьялар, құқықтанушы ғалымдар, оқу ордасының оқытушылары мен студенттері қатысты.



Конференцияда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын ҚР Конституциялық соты төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов оқып берді. Хатта: «Қайрат Мәми ұзақ жылғы қызметінде мемлекеттік құқықтық заңдылықтың сақталуы мен азаматтардың мүдделері қорғалуы жолында мол үлес қосты. Сот жүйесіндегі реформалардың жүзеге асуына бар күш-қайратыңызды жұмсадыңыз. Отанымызды қорғауға және қоғамды ізгілендіруге арналған көптеген ғылыми еңбектеріңіз жоғары бағаланды.

Жалғасы 2-бетте

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кезекті Ғылыми кеңесінде университеттің алдағы оқу жылына талапкерлерді қабылдау сапасын жетілдіру шаралары талқыланды.**

# Талапкерлерді қабылдау сапасы пысықталды



Жиында оқуға қабылдау жөніндегі офис басшысы Айдар Жұмалипов қабылдау комиссиясының жұмысын саралап, алдағы міндеттерді баяндады.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘК ОӘБ) ғылыми хатшысы Ақмарал Сырғақбаева ҚазҰУ базасындағы оқу-әдістемелік бірлестігінің жай-күйі мен даму бағыттары туралы баяндама жасады.

Биылғы жалпы мектеп бітірушілер саны – 188 900. Олар екі кезеңмен негізгі Ұлттық бірыңғай тестіні 6-10 мамыр және 11-14 мамыр аралықтарында тапсырады. Оқуға түсу емтихандарының мерзімі – 16 мамырдан 5 шілдеге дейін. Шығармашылық емтиханға өтініштерді қабылдау уақыты – 20 маусымнан 7 шілдеге дейін деп белгіленген.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

## Еңбек нарығының заманауи талабы зор



4-бет

## Қазақ мәдениеті ғылыми зерттеуімнен тыс қалмайды



6-бет

## Тюркская история в архивах Испании



# Сот жүйесін жаңғырту ісі талқыланды



Соңы. Басы 1-бетте

Алдағы уақытта да қоғамдық-саяси істерге белсенді атсалысып, ел-жұрттың құрметіне бөлене беруіңізге тілектестігімді білдіремін», – делінген.

Өз сөзінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Қайрат Мәми тәуелсіз Қазақстанның сот, құқық қорғау саласында өзіндік орны бар тұлғалы азамат, мемлекет және қоғам қайраткері екенін атап өтті.

«Қайрат Әбдіразақұлы – ҚазҰУ-дың 1981 жылғы түлегі. Сол уақыттан бері табысты еңбек етіп, отандық сот жүйесінің реформаторы атанды. Қайрат Мәмидің жетекшілігімен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР конституциялық заңы дайындалды, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңдары қабылданды. «Аралық соттар туралы», «Прокуратура туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдары әзірленді. Нормативтік қаулылар, сот жүйесін қалыптастыру стратегиялары бекітілді. Қазақстандық сот саласының өзін-өзі материалдық тұрғыда қамтамасыз етуіне жол ашты. Сот жүйесі қызметкерлерінің еркін жұмыс істеуіне, кәсіби тұрғыда мол тәжірибе жинақтауына жағдай жасады. Қайрат Әбдіразақұлының іскерлік тәжірибесі, іргелі зерттеулері, тың әдістемелері қазіргі соттардың тәжірибесіне енгізілген», – деді ректор.



Өз кезегінде Нұрсерік Шәріпов ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Асламбек Мерғалиевтің құттықтау хатын оқыды.

«Қайрат Әбдіразақұлы отандық сот жүйесін қалыптастыруға, дамытуға және халықаралық деңгейге көтеруге сүбелі үлес қосты. Сот төрелігіне алғаш болып электрондық цифрлық жүйені енгізді. Көптеген жауапты лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Елімізді дамытуға қосқан айрықша еңбегі еленіп, мемлекеттік ордендермен және медальдармен марапатталды. Сондай-ақ «Құрметті судья» атағына ие болды», – деп жазылған құттықтау хатта.

Шарада Беларусь Республикасы Жоғарғы соты төрағасының бірінші орынбасары Валерий Калинкович сөз сөйлеп, ТМД елдерінің жоғары сот саласындағы ынтымақтастығын дамытуда Қайрат Әбдіразақұлының үлесін баса айтты.

Сонымен қатар жиын барысында Эмиль Осконбаев, Камран Шафиев, Ғалымжан Қойгелдиев, Марк Биир, Балайым Кесебаева, Берік Имашев және т.б. лауазымды тұлғалар сөз сөйледі.

Конференцияға қатысушылар ҚР Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ету және сот жүйесін жаңғырту бойынша мәселелерді талқылады. Мемлекет басшысының адам құқықтарын қорғауға бағытталған жаңа құқықтық бастамалар қаралды. Сондай-ақ конституциялық реформаны жүргізу, әділеттілік қағидатын іске асыру жұмыстарын қарастырды.

Пленарлық отырыс әрі қарай түрлі тақырыптарды қамтыған сессияларда жалғасты.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Талапкерлерді қабылдау сапасы пысықталды



Соңы. Басы 1-бетте

Магистратураға оқуға түсемін деушілер өтініштерін 1 маусымнан 15 шілдеге дейін қабылдау комиссиясына тапсыра алады. Докторантураға – 3 шілдеден 3 тамызға дейін. Ал бакалавриаттар арасындағы конкурсқа құжаттар 13-20 шілде аралығында қабылданады. Сондай-ақ магистратураға 11-16 тамыз аралығында, ал докторантураға 21-23 тамыз ішінде конкурсқа құжаттар тапсыруға болады.

Оқуға қабылдау жөніндегі офис басшысы Айдар Жұмалипов өткізілген кәсіптік бағдар беру жұмысы туралы баяндап, оң тұстарын атап өтті. ҰБТ кезінде оқушылардың алған балдары жөнінде де айтылды. Наурыз айында 117 мың оқушы ҰБТ бойынша алдын ала емтихан тапсырды, оның 75 пайызы шекті балл, 69 пайызы орташа балл және 127 пайызы ережені бұзған.

ҰБТ статистикасы көрсетіп отырғандай, наурыз айында оқушылардың 92 пайызы шығармашылық емтихан бойынша жақсы нәтиже көрсетті. Спикер сондай-ақ бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша 2024/25 оқу жылына контингентті қабылдаудың жоспарлы мәндері туралы хабардар етті.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік



бірлестігінің хатшысы Ақмарал Сырғақбаева бірлестік кадрларды даярлау бойынша тоғыз бағытқа жетекшілік жасайтынын және әр бағыт бойынша арнайы секция құрылғанын атап өтті.

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламаларының саны – 1471.

Жиынды қорытындылаған ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университетте оқығысы келетін жастарды қабылдау кезінде оларға қойылатын талаптарды күшейту керектігін айтты. Қабылдау комиссиясы түрлі олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарымен жеке сөйлесіп, аймақтармен онлайн кездесулер өткізу арқылы білімді жастарды тартқан абзал. Магистранттар мен докторанттардың қатарын көбейту мәселесі де көтерілді.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары Батыс Қазақстанда су тасқыны жағдайына зерттеу жүргізуде.**

# Ғалымдар су тасқыны жағдайын зерттеуде

Ғылыми жұмыстар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жасыл даму контексінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерін тұрақты дамыту: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер» мегагрантын іске асыру шеңберінде жүргізілуде.

Су тасқыны жағдайын бақылауды жүзеге асыру үшін Атырау қаласындағы Жайық өзенінің бассейнінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті жанынан жедел әрекет ету штабы құрылды. Штабтың ғалымдар тобы бір апта бойы Жайық өзені бассейніндегі ағымдағы су тасқыны жағдайына бағалау жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмыстарға ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің аға оқытушысы Алмат Ердесбай қатысты.

Ғалымдар аспаптық өлшемдерді (гидрометриялық бұрауыш, ҰҰА эхолоты, GNSS-қабылдағыш) пайдалана отырып, есептік, графоаналитикалық, гидрологиялық, далалық зерттеулер жүргізді. Зерттеулер Жайық өзенінің қазіргі жай-күйін, арналардың өткізу қабілетін, тасқын қауіптерінің алдын алудың мүмкін болатын іс-шараларды анықтауға бағытталған.

Биылғы 20 сәуірден бері география және табиғатты пайдалану факультетінің ғалымдары – Е.Кәкімжанов, А.Тоқбергенова, Е.Сарыбаев,









А.Рыскелдиева, К.Зұлпыхаров, сондай-ақ докторант Н.Хамитов Батыс Қазақстан өңірінде кешенді далалық зерттеулер жүргізуде.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

## ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

**1. Сіздіңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» қандай болуы керек? Қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б) жауап беруге тиіс?**

**2. Дәріс оқитын пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма? Сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?**

**3. Білікті маман даярлауда қандай кемшін тұстарымыз бар, атай аласыз ба?**

**4. Қазіргі жастардың білім деңгейі қандай?**

**5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?**



**Лейла КУДРЕЕВА,** химия ғылымының кандидаты, доцент, химия және химиялық технология факультетінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары:

# Еңбек нарығының заманауи талабы зор

1. Үздік ұстаз ұқыпты, ақыл-парасатты, әділ, аса қанағатшыл, жоғары мәдениетті, сыпайы да әдепті, қажырлы, нәпсісін тыйып ұстайтын адал, үнемі өзін дамытумен шұғылданатын, өнегелі тәрбиеші болуы тиіс. Сонымен қатар үздік оқытушы бар ой мен қимыл-әрекетіне ақыл-парасатпен қарап, тынымсыз еңбек ететін кәсіби маман болғаны абзал. Озат оқытушы білім алушылардың қажеттіліктеріне мұқият болып, олардың пәнге деген қызығушылығын оятып, сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіріп, өзін-өзі дамытуға ынталандыруы керек.

Қазіргі жағдайда еліміздің үздік оқытушылар қатарында болу үшін ғылыми жұмыстармен белсенді айналысу жеткілікті сияқты. Себебі бір оқу құралын шығармаған, автор ретінде бір оқу-әдістемелік нұсқаулық жазбаған, сабақ беруде педагогикалық шеберлігін көрсетіп, видеожазба түсірмеген ұстаздар ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» сайысынан орын алуда, сондықтан сайыста осы талаптарды ерекше назарға алу керек деп есептеймін. Ал тек ғылыми жұмыстармен белсенділігі басым ұстаздарға «Үздік ғылыми қызметкер» сайысына қатысқан дұрыс болар деп ойлаймын.

2. Мен өзім оқитын пәндерім бойынша оқу бағдарламасына жалпы қанағаттанамын. Дегенмен еңбек нарығының заманауи талаптарына сай оны жаңартып отыру керек. Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары бір білім беру бағдарламасында міндетті оқылатын пәндер атауы мен кредиттері сәйкес келуі керек деп ойлаймын. Өйткені бір ЖОО-дан басқа ЖОО-ға ауысқанда (немесе академиялық ұтқырлықпен келгенде) пәндер арасында үлкен кредит айырмашылығы болады да, ауысуға мүмкін болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Сонымен қатар міндетті оқылатын пәндер атауы мен кредиттері дамыған елдердің білім беру бағдарламасымен сәйкес келіп жатса, үздік шетелдік ЖОО-мен академиялық ұтқырлықты және қосдипломдық бағдарламаларды жүзеге асыруға болар еді.

3. Білікті мамандар даярлауда кемшіліктер жоқ емес, бар: мысалы, оқу-білім беру қызметіне арналған заманауи оқу базаларының материалдарын жетілдірген жөн; сол сияқты зертханалық сабақтарды қажетті құрылғылармен қамтамасыз ету керек; оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін үздіксіз арттыру, тіпті болмаса қашықтан оқыту нысандарын енгізу арқылы жүзеге асыру қажет; оқытушы-профессорлар құрамының үздіксіз дамуына мотивация беру үшін саралanған айлық болғаны дұрыс деп ойлаймын.

4. Үздік оқытушыны бағалағанда іске қатысы жоқ әңгімесіне емес, оқытып, болашаққа даярлаған студенттерінің білім деңгейіне қарай бағалауға бет бұрғанымыз абзал. Сондықтан оқытып-тәрбиелеген жастарымыздың білім деңгейі көңілімізден шықпаса, онда оларға дұрыс білім бермеген біз, ұстаздар, өзімізді кінәлауға тиіспіз. Себебі біз ең алдымен жастардың білім деңгейіне жауапкершілікпен қарайтын өнегелі ұстаз, тәрбиеші болуымыз керек.

5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген пікір болса, оған келіспеймін. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп Абай атамыз айтқандай, ақпаратқа оңай қол жеткізуге болатын қазіргі заманда көпшілік ақпаратты сыни тұрғыдан ойлау, талдау және таңдап қабылдау дағдыларын дамыту үстінде деген ойдамын. Тек жүрегімді ауыртатын бір мәселе – өте сауатты, білімді жастарымыздың шетелге жұмысқа кетуі. Демек, біз, ұстаздар, олардың бойына патриоттық сезімді ұялатып, отансүйгіштікке тәрбиелеуге тиіспіз. Осы мәселе бұл күндері өте маңызды болып отыр.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# Ғылымға салған инвестицияның қайтарымы болады

**Ғылым – бізді қоршаған әлем туралы біліміміздің дәйекті жемісі. Ғылым – қоғамның интеллектуалдық дамуы, инновация және технологиялық серпілістермен қатар, адамзаттың өмір сүру салтына тікелей әсер ететін тірек. Мәселен, жаратылыстың қыр-сырын түсіну арқылы климаттың өзгеруі, ластанумен күресу және табиғи ресурстарды қорғауға көмектесу сынды өзекті мәселелердің мәнін ұғынуға алып келеді. Әр адамның өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде сезініп, қоршаған орта, Табиғат-ана үшін саналы түрде жауапкершілік алуына ұласады. Әлем туралы ілім мен оны тану жолында білім көкжиегін кеңітіп, жаңа ғылыми-қолданбалы жаңалықтарды ашуға шабыттандырады.**

Қазақстанның көптеген университеттері мен ғылыми орталықтары энергетика, технология, медицина, экология және т.б. түрлі салаларда белсенді түрде ғылыми зерттеулер жүргізуде.

Елдің өнеркәсібі мен экономикасында қолдануға болатын ғылыми зерттеулерді дамыту – басым бағыттардың бірі. Инновацияға, технологиялық дамуға және технологиялар трансфертіне ерекше көңіл бөлінеді. Елімізде жас ғалымдарды қолдау және олардың ғылыми қызметін ынталандыру бағдарламалары дарынды мамандарды тартуға, олардың ғылыми салада дамуы мен мансаптық өсуін қамтамасыз етуге жәрдем етеді. Технопарктерді, инкубаторларды және акселераторларды қоса алғанда, инновациялық инфрақұрылымды дамыту ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға ықпал етеді және жаңа технологиялық стартаптарды құруға ынталандырады. Осылайша Қазақстан ғылымы елдегі ғылыми зерттеулерді, инновациялық және технологиялық прогресті ынталандыру бойынша үкіметпен ғылыми қауымдастықтың кең ауқымды шараларының арқасында белсенді даму сатысында тұр. Халықаралық ынтымақтастық, яғни Қазақстан ғалымдары халықаралық ғылыми жобалар мен алмасу бағдарламалары белсенді түрде қатысады. Бұл тәжірибе, технология және білім алмасуда оң ықпал етеді. Мұндай қадам өз кезегінде елдегі ғылымның дамуына айрықша үлес қосады.

Елдің бірегей географиялық және климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, бірнеше негізгі ғылыми бағыттарда дамып келеді. Ең алдымен, геология және геологиялық зерттеулер туралы айтқым келеді. Себебі Қазақстан мұнай, газ, көмір, кен орындары және басқа да пайдалы қазбалар сияқты геологиялық ресурстарға бай. Геология саласындағы ғылыми зерттеулер осы ресурстарды игеруге және ұтымды пайдалануға көмектеседі.

Екіншіден, экология және қоршаған ортаны қорғау. Индустрияландырудың күшеюі және ауыл шаруашылығының дамуымен экология саласындағы зерттеулер маңызды салаға айналуда. Ғалымдар антропогендік әрекеттердің экожүйеге әсерін зерттеп, биологиялық әртүрлілікті қорғауда және қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді барынша азайту жолдарын табуда.

Үшіншіден, география және аймақтық даму бойынша зерттеулерге келсек, география саласындағы зерттеулер Қазақстан



аумағының ерекшелігін, оның климаттық жағдайын, ландшафтын, су ресурсын және басқа географиялық аспектілерін түсінуге көмектеседі. Бұл аймақтардың тұрақты дамуы үшін маңызды.

Келесі ғылыми бағыт – маңызды инфрақұрылым және геоақпараттық технологиялар. Географиялық ақпараттық технологиялар мен жүйелерді дамыту маңызды инфрақұрылымды басқаруға, сондай-ақ кеңістіктік жоспарлау, картография, геодезия, табиғи ресурстарды басқару, климаттың өзгеруіне бейімделу және т.б. мәселелерін шешуге көмектеседі.

Елімізде ғылымның дамуын көрсететін аспектілердің бірі ретінде ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды атап өтуге болады. Бұл түрлі салалардағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді жеңілдетеді. Жалпы, Қазақстандағы ғылымның одан әрі дамып, жаңа ашылымдар мен жаңалықтар әкелу үшін ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, ғылымға салынған инвестиция, ғалымдарға жоғары сапалы зерттеулер жүргізуге, қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға және дарынды мамандарды тартуға мүмкіндік беретіндіктен жеткілікті мөлшерде бөлінуі керек. Сонымен бірге ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне еркін қол жеткізу, әлемнің түкпір-түкпірінен келген ғалымдардың тәжірибесі және білім алмасуы ғылымның дамуына әрі ғылыми жаңалықтарды жеделдетуге ықпал етеді.

Елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтетін Ғылым қызметкерлері күні – ғылыми зерттеулердің маңызын және оның жалпы әл-ауқатымызға қосқан үлесін атап өту мүмкіндігі. Олай болса, ғылым – өміріміздің барлық саласына әсер етіп, қоғамның ілгерілеуі мен әл-ауқатын қамтамасыз ететін өміріміздің ажырамас бөлігі.

**Айжан АСЫЛБЕКОВА,**
*Картография және геоинформатика кафедрасының меңгерушісі*

№17 (1930) 13.05.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# Қазақ мәдениеті ғылыми зерттеуімнен тыс қалмайды

**Білім-ғылымда шекара болмайтындықтан ұлттар мен ұлыстар тәжірибе алмасып, тың зерттеулерін ортаға салып, ғылымның дамуына сүбелі үлес қосып жатады. Қарыштап дамыған ғылым адамзат үшін соны жаңалықтар әкеліп, ел мен елдің білім ордаларына алтын көпір орнатуда. Жаһандану дәуірінің басты алғышарты да осы – білім интеграциясы болса керек. Шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының доценті, PhD Мионг Сун Ок Корея Республикасы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы байланыстың дәнекері болып отыр.**



Мионг Сун Ок білім жолын алғаш рет Корей әскери мейірбике ісі академиясының «Мейірбике ісі» бакалавры бойынша бастаған. Қазақстанға келместен бұрын, 1983 жылдан бастап он жеті жыл бойы Кореяда әскери медицина саласында офицер болып жұмыс істеді. 1988 жылы Америка Құрама Штаттарындағы әскери госпитальде және 1986 жылы Сеулдегі АҚШ әскери базасының госпиталінде кәсіби дайындықтан өткен. 1995 жылы Мароккодағы (Африка) 75 елден жиналған БҰҰ әскерлерінің UN MINURSO бағдарламасына қатысып, әскери госпитальде бас медбике болып жұмыс атқарды. Кейін Йонсэ университетінің мемлекеттік басқару факультетін бітіріп, «саяси дипломатия» магистрі атанады. Екінші магистратураны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде оқып, «мемлекеттік құқық» магистрі дәрежесін алды. Ал PhD докторантураны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде оқып, «Философия (мәдени антропология)» PhD докторлығын қорғады. Докторлық диссертация тақырыбы: «Қазақстандағы корей диаспорасындағы бірегейлік саясаты (мәдени-антропологиялық зерттеулер)».

– Қазақстандағы Корей түбегінен мыңдаған шақырым жерде тұрып жатқан қандастарымыз жергілікті корей диаспорасымен танысқан деген оймен зерттеу бағытындағы алғашқы еңбегімді осы корей диаспорасынан бастадым. Қырғи-қабақ соғыс жылдары Оңтүстік Корея мен Кеңес Одағы арасында қарқынды халықаралық алмасу болмағандықтан, оңтүстіккореялықтардың Ресейден Орталық Азияға қоныс аударған корей диаспорасы туралы көп хабарлары жоқ. Жергілікті корей диаспорасымен түр-әлпетіміз ұқсас болғанымен, олардың қазіргі жастары ана тілдерін білмейді, басым бөлігі орыс тілінде сөйлейді. Жақынырақ танысқан кезде біздің мәдениетімізде де көптеген айырмашылықтар барын түсіндім. Біз Қазақстанға көшіп келген уақытта Корея Республикасының көптеген ірі компаниялары осы елде өзінің кәсіптерін бастап, екі ел арасындағы серіктестіктің орнауына жергілікті корей диаспорасының да үлкен әсері болды. Менің Қазақстандағы ғылыми бағытым Орталық Азиядағы корей диаспорасын зерттеуден басталып, постқеңестік корей диаспорасының ерекшеліктерін зерттеуге ұласты. Көпұлтты және көпмәдениетті Қазақстанда антропологиялық тұрғыдан көптеген зерттеулер жүргізуге болады. Сондықтан да алдағы уақытта қазақ мәдениеті де менің ғылыми ізденістерімнен тыс қалмайды, – дейді доцент.

Мионг Сун Ок 2013 жылы докторлық дәреже алғаннан бері халықаралық журналдарда (Web of Knowledge, SCOPUS) сегіз мақала, ҚКСОН-да жиырма бір мақала, екі кітап, екі аударма кітабы және сегіз халықаралық журналда мақалалары жарияланды. 2012-22 жылдар аралығында ҚазҰУ-да Жапониядағы Еуразия қорының қолдауымен жүзеге асқан «Еуразия» халықаралық ғылыми жобасының координаторы болып келді. Бұл қордың негізгі бағыты – бейбітшілікке, бірлікке және адамзаттың жан-жақты дамуына ұмтылу. Университетте жүргізген осы жоба арқылы ҚазҰУ студенттері 150-ден астам шетелдік және қазақстандық профессорлардың арнайы дәрістерін тыңдады. Мионг Сун Октың осы жобасы арқылы студенттер қордың философиясы және көзқарасымен танысып, бүкіл әлемдегі адамзатты бір қауымдастық ретінде тануға ықпал етті.

Мионг Сун Ок әлемнің көптеген білім ошақтарында дәріс оқып, білім интеграциялауда маңызды рөл атқарды. Мәселен, халықаралық «Еуразия» жобасы аясында Мадридтің Комплютенс университетінің гуманитарлық факультеті (Испания, 2017-24), Universidad Autonom Madrid (2018), Шығыс Финляндия университеті (2018-19), Бургос университеті (Испания, 2021-22); Донггук университеті (Сеул, 2022-24), Хило университеті (Гавайи, АҚШ (2023), Сеулдегі Ихва әйелдер университеті (2023-24), Сеул ұлттық ғылым және технология университеті (2023-24), Сувон университеті (2024), Пучон университеті, Ташкент (2023-24) және Қазақстанның алты жоғары оқу орнында (АМУ, Нархоз, Тұран, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері, Абай атындағы ҚазҰПУ) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан дәрістер оқыды.

– Шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасы корейтану бөлімінің магистранттарына дәріс оқып жүріп, гуманитарлық ғылым саласының ғылыми-зерттеу тәсілдерін жетілдіру керектігін сезіндім. Мәдени антрополог ретінде магистранттарды тақырып ретінде шынайы мәселелерді зерттеуге шақырамын. Осылайша олардың ғылыми жұмыстары қазақ қоғамына нақты үлес қоса алады. Мысалы, Кореяға Қазақстаннан барған жұмысшылардың көбеюі, заңсыз иммигрант мәселесі, көпмәдениетті отбасын құрып, корей жігіттеріне тұрмысқа шыққан қазақ әйелдерінің жағдайы т.б. зерттеу нысаны болатындай тақырыптар ауаны жеткілікті. Бүгінгі магистранттар осы іспеттес мәселелерді дипломдық жұмыс тақырыбы ретінде қарастырып жатыр. Жан-жақты зерттеу деректерін жинап жатқандары мені қуантады. Бұл зерттеу нәтижелері кейін Қазақстанның саясатын дамытуға, Корея мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың дамуына ықпал етеді деп ойлаймын. Осында қызмет етіп жүрген күйеуім, профессор Чан Бён Сун және қазақстандық профессорлармен бірге Корея университеттерімен меморандум жасасып, ҚазҰУ-мен байланыс орнатуына өз үлесімізді қостық. Қазіргі таңда халықаралық тығыз серіктестіктің арқасында ҚазҰУ-дың көптеген студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Корея университеттеріне баратын мүмкіндікке ие болды. Ханянг және Доңгук университетінің студенттерін ҚазҰУ-ға жазғы тіл үйрену курстарына шақырып, Қазақстанмен танысуына мұрындық болғанбыз. Корейтану бөлімі түлектерінің Кореяның алдыңғы қатарлы университеттерінде магистратура және докторантурада оқып, білімдерін жалғастыруға да барынша қолғабыс жасадық. Қазір сол Корея университеттерінде қорғап келген көптеген біздің түлектеріміздің Қазақстанға оралып, ҚазҰУ-да қызмет жасап жүргендерін көріп, еңбегіміз бекер болмағанына қуанып қаламыз. Корейтану бөлімінің магистранттары мен докторанттары зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыру үшін Сеул қаласының Ханьян мен Донггук университеттерінде жиі ұйымдастырылатын ғылыми семинар мен конференцияларға қатысуына әрекет жасаймыз. Болашақ көшбасшы ретінде қазақстандық жастардың Корея және басқа да шетелдермен, жаңартылған академиялық білім жүйелерімен танысуға мүмкіндігі болуы керек, – деп сөзін тамамдады Қиыр Шығыс кафедрасының ұстазы.

**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

# Ардагер ғалымдармен кездесу өтті

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық тарихының рухани мұрасын Алматы электромеханика колледжінің студенттеріне таныстыру мақсатында ардагер ғалымдармен кездесу ұйымдастырылды.**





Аталмыш іс-шараға Бостандық ауданының ардагерлері, университет ғалымдары, Ардагерлер кеңесі, Алматы электромеханика колледжінің басшылығы, оқытушылары мен студенттері қатысты. Кездесуге келгендер қатарында Алматы қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары С.Құрманғалиев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Шеденов, журналист, ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Л.Ахметова, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясының академигі, доцент Ж.Байкөншеков, тарих ғылымының докторы Б.Санабайұлы, Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы, ақын, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Б.Әбеновтер бар.

Кездесу барысында Алматы электромеханикалық колледжінің директоры Б.Дәулетұлы ғалымдар мен ардагерлерге колледжді аралатып, жаңа жұмыстарымен, соны жаңалықтарымен таныстырып өтті. Іс-шараның кіріспе сөзін Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрайымы Ә.Беспаева бастады. Оның айтуынша, Бостандық ауданында қарт және зейнет жасындағы азаматтардың саны 42 500-ден асады.

– Ауданда 11 жоғары оқу орны бар. Білім ордаларында ардагерлер ұйымдары қарқынды жұмыс істеуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бастауыш ардагерлер кеңесі осындай игі шараларда көш бастап келеді, – деді ардагерлер кеңесінің төрайымы.

Бастауыш ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор, экономика ғылымының докторы Ө.Шеденов те ҚазҰУ мен Алматы электромеханика колледжі бірлесіп жұмыс атқару керектігін, тәжірибе алмасу жастардың білікті маман болуында маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Кеш Ф.Ещанованың орындауындағы «Гауһартас», «Жаңбыр төкті» әндерімен жалғасын тауып, электромеханика колледжінің студенттері тарихи қойылым қойды. Кеш соңында қонақтар мен студенттер естелік суретке түсті.

**Нұрбек НҰРЖАН**

# Олар химия саласының корифейлері еді




**ҚазҰУ-дың жаратылыстану факультеттерінің ішінде химия және химиялық технология факультеті ерекше орын алады. Факультетте Д.В.Сокольский, М.И.Усанович, М.Т.Козловский, А.Ш.Шарифканов, Б.А.Жұбанов және басқа да көптеген академиктер еңбек етті. Ең көрнекті декан Б.А.Бірімжанов болды. Ол қазіргі заманғы факультеттің негізін қалады. Батырбек Ахметұлы Бірімжановтың басты артықшылығы – болашақ ғылыми көшбасшы ретінде танылып, кафедра меңгерушісі ретінде өзінің ғылыми мектебін құрған нағыз ғалымдарды тәрбиеледі.**

Катализ саласындағы мамандар, негізінен, академик Д.Сокольскийдің шәкірттері. Көптеген тәлімгерлер мен әріптес-ардагерлер қазір біздің арамызда жоқ. Бірақ терең адамгершілік рух, мейірімділік пен адалдық, бейбіт күнде де көрінетін жанкиярлық еңбек әрқашан жадымызда. Осы орайда, х.ғ.к., химия факультеті деканының оқу-әдістемелік жұмысы бойынша тұрақты орынбасары, Катализ және техникалық химия кафедрасының доценті болған Ысқақ Тойбаевты ерекше ілтипатпен жиі еске аламыз. Ол факультеттің 2-курсынан әскерге кетіп, Ұлы Отан соғысының алдыңғы шебінде жаяу әскер командирі болды. Өзі жарақат алса да, қайта қатарға қосылып, жеңіспен Кенигсбергке дейін жетті. Немістің «тілін» ұстаған ерлігі үшін ақ боз атпен және ақ офицер тұлыбымен марапатталған. Ұрыста көрсеткен ерлігі үшін капитан шеніне жеткен, орден-медальдармен марапатталған. Студенттер үшін ғалым таза адалдықпен талапшылдықтың мысалы бола білді. Ол «Қабілеті жоқ студент болмайды, әртүрлі жағдайға байланысты алыс ауыл балалары жеткілікті білім ала алмай қалады» деп қайталаудан жалықпаған емес және бізді, жас оқытушыларды, шыдамды болуға, материалды толық түсіндіруге және оң нәтижеге жетуге шақыратын еді.

Дүниежүзіне әйгілі ғалым-каталитик, академик Д.В.Сокольскийдің үздік шәкірттерінің бірі Клара Жардемалиева еді. Ол орта мектепті, С.Киров атындағы ҚазМУ-дың химия факультетін, аспирантураны озат бітірген және тамаша білім алды. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде кандидаттық диссертациясын айрықша қорғап шықты және доцент дәрежесін растады, бұл 50-жылдары үлкен жетістік еді. Тәжірибелі ғалым және оқытушы ретінде Д.В.Сокольскийдің өзі Қазақстан Компартиясы ОК-ға лауазымды қызметке ауысқанда оған Катализ және техникалық химия кафедрасының (қазіргі Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы) меңгерушісі қызметін сеніп тапсырды. Доцент К.Жәрдемалиеваның басшылығымен талай диплом, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Сондай-ақ химик-каталитик мамандардың көптеген буын өкілдері өмірге жолдама алды. Кейін олар белгілі ғалымдар, педагогтер, өндіріс басшылары және бизнесмен болды. Ең негізгісі, олар нағыз адам деген атқа лайық мамандар, республиканың химия ғылымы мен өндірісінің мақтанышы мен авангарды бола білді.

Азат Сартаевасыз химия факультетін, Катализ және техникалық химия кафедрасын елестету мүмкін емес. Ол да әйгілі академик Д.В.Сокольскийдің тамаша шәкірті, кейін жақын әріптесіне айналды. Академик Қ.Жұбановтың басшылығымен доцент лауазымында, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстар бойынша меңгерушінің орынбасары ретінде көп жылдар қызмет атқарды. Оның бойында ерекше ақсүйектік бар еді, шығыс болмысы мен сұлулығы өз алдына, Азат Нұрмақызы достасқа да білетін және адамдардың құнды қасиеттерін бағалай білгендіктен, кафедра мен факультет қызметкерлерін өзіне тартатынына таңғалмауға болады. Ол шешендік өнерімен көзге түскен, айналасына өте жұғымды-тын. Қызықты сұхбаттасушы болған, үлкен білім қорын жинақтаған, ұжымның күмәнсіз көшбасшысы еді. Студенттер мен аспиранттар оның басшылығымен жұмыс істегенде ғылыми идеялармен шабыттанатын әрі кәсіби деңгейге жету үшін бағасы жоқ тәжірибе жинақтайтын. Қазір сол шәкірттерінің көбі жоғары жетістіктерге жетіп, ғылым мен өндірістің түрлі салаларында, бизнес пен билікте жүр.

Әсілі, катализ мұнай химиясына жақын, сондықтан көптеген химиктер мұнай химиясы деп санайды. Бұл ішінара дұрыс, өйткені мұнайды қайта өңдеудің барлық процестері және барлық мұнай-химия синтездері каталитикалық процестер болып саналады. Осыған байланысты мұнай-химия мен барлық мұнай-химия синтездерінің болашағы жаңа белсенді және селективті катализаторлар жасаумен байланысты ғылыми жобалар жалғасын табуда. Сондықтан біздің өміріміздегі катализдің маңыздылығын асыра бағалау қиын. Осы салада аталып өткен кафедраның негізін қалаған, бүгінде арамызда жоқ кафедра корифейлері, ерекше адамдар, оқытушы, әріптес және достарымыздың жарқын бейнесі әрдайым біздің жүрегімізде.

Химия және химиялық технология факультетінің Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының қазіргі жетістіктері мен қол жеткізген бастамалары біздің ардагерлердің аянбай еткен еңбектерінің нәтижесі екені анық.

**Нұрбибі ЖАКИРОВА,**
*Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының доценті*

**Лариса САСЫКОВА,**
*Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының профессоры*

**Есбол Жамалбеков 1934 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан) Түлкібас ауданы Керше-тас ауылында өмірге келген. 1951 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті биология-топырақтану факультетінің студенті атанды.**

# Ғылымға қосқан еңбегі өлшеусіз



